

"Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 28 наурыздағы № 1050 Жарлығына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 мамырдағы № 332 Жарлығы.

Қазақстан Республикасы Президенті
мен Үкіметі актілерінің
жинағында жариялануға тиіс

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 28 наурыздағы № 1050 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., № 12, 130-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:
жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті туралы ережеде:

13-тармақ мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) мемлекеттік органдарға келіп түсетін жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін талдау (Қазақстан Республикасының Президентіне және оның Әкімшілігіне, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасына және оның Кеңесіне, Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесіне, Қазақстан Республикасының Парламентіне және оның депутаттарына, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне келіп түсетін өтініштерді қоспағанда);".

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ.Тоқаев